

Оңтүстік Қазақстан мемлекет фармацевтикалық академиясы
Қазақстан тарихы және әлеуметтік пәндер кафедрасы

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

**Тақырып: Алаш қозғалысы және
Алаш Ора тарихы**

Қабылдаған: Абдурахманов Н.А
Группа: 101МПД Б
Орындаған: Құдайбергелен Б.М

ЖОСПАР

- ❖ Кіріспе.
 - ❖ Алаш қозғалысы.
- ❖ Негізгі бөлім.
 - ❖ Алаш зиялылары.
 - ❖ Алаш партиясының бағдарламасы.
- ❖ Қорытынды.
- ❖ Пайдаланылған әдебиеттер.

Алаш қозғалысы

- **Алаш қозғалысы** — 20 ғ-дың алғашқы ширегінде [Ресей империясының](#) отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған [ұлт-азаттық қозғалыс](#).
- Ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында мүлдем жаңа жағдай қалыптасты. Ресейлік әскери-монархиялық басқару жүйесі, қазақ жерінің орыс мемл-нің меншігі етіп жариялануы, осыған орай ішкі Ресейден қоныс аударушылар легінің күрт өсуі, қазақ бұқарасының зорлықпен егіншілікке жарамды жерлерден ығыстырылуы, дәстүрлі қазақ шаруашылығының терең дағдарысқа ұшырауы сол қалыптасқан жағдайдың нақты көріністері еді. Сол кездегі қазақ қоғамы дамуының күн тәртібінде қазақ халқының ұлт ретінде жоғалуы, не өзін-өзі сақтауы үшін күреске шығу мәселесі тұрды. Бірақ ендігі уақытта жеке батырлар бастаған қол түзіп, қару асынып көтеріліске шығу нәтиже бере қоймайтын еді. Қалыптасқан жаңа саяси ахуалға лайық жаңа күрес құралдары, әдіс-айла қажет болды, ең негізгісі халыққа оның алдында тұрған негізгі мақсат-мүдделерін түсіндіріп жеткізетін, сөйтіп оны заман талабына сай күрес құралдарымен қаруландырып, азаттық үшін қоғамдық қозғалысты бастап кете алатын мүлдем жаңа саяси-әлеум. күшке сұраныс үлкен еді. Ал ондай саяси күштің қалыптасып келе жатқанын 1905 — 07 жылдардағы оқиғалар көрсетіп берді. Ол күш — сан жағынан аз болғанымен бірақ саяси күрес қазанында қайнап, тез ысыпа

- Осы бірінші орыс революциясы жылдары ұлттық зиялылар кейін А.қ. атанған қоғамдық қозғалыстың негізін қалады. 1905 ж. Қоянды жәрмеңкесінде дүниеге келген Қарақаралы хұзырхаты (петициясы) оның бағдарламалық құжаты болатын. Осы мезгілден бастап [Ә.Бөкейханов](#), [А.Байтұрсынов](#), [М. Дулатов](#) жетекшілік еткен ұлттық зиялылар жаңа өрлеу ала бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа нысаналы сипат беру үшін газет шығару, азаттыққа үндеген кітаптар бастырып тарату, Мемл. Дума жанындағы мұсылман фракциясы жұмысына, жалпыресейлік мұсылман, түркішілдік қозғалыстарға атсалысу сияқты қазақ қоғамына бейтаныс күрес әдістерін игере бастады. Ал 1911 жылдан шыға бастаған [Айқап](#) журналы, 1913 жылдан жарық көріп, жалпыхалықтық басылымға айналған “Қазақ”, оның артын ала өмірге келген “Бірлік туы”, “Сарыарқа”, “Ақжол” газеттері ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті. А. қ-ның басты мақсаты — қазақ елінің өзін-өзі басқару, яғни ұлттық мүддесін қорғай алатын мемл. жүйе құру құқын метрополияға мойындату, түбінде дербес мемл. құру, қазақ жерлеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, әлемдік озық тәжірибені пайдалана отырып, дәстүрлі мал ш-н өркендету, сонымен қатар егіншіліктің, өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз ету, рыноктық қатынастарға жол ашу, жеке адам құқын және басқа демокр. принциптерді қадір тұту, ұлттық мәдениетті өркендету, оқу жүйесінің, тілдің дамуына қажет шарттар түзу болды. Бірінші орыс рев-сы жылдарынан бастау алатын Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 1917 ж. ақпан және желтоқсан айлары аралығында өзінің шарықтау шегіне жетті. Осы жылдың жазы мен көктемінде Қазақ к-ттерінің пайда болуы, күзіне қарай Алаш партиясының, ал соңына қарай Түркістан автономиясы (Қоқан автономиясы) және Алашорда үкіметтерінің құрылуы бұл қозғалыстың нақты нәтижелері болатын. 1917 ж. пайда болған бұл саяси құрылымдар большевиктер тарапынан күшпен таратылғанымен, ұлт-азаттық қозғалыс күштері саяси күрес сахнасынан бірден кете қойған жоқ



[Ахмет Байтұрсынұлы](#) 1873 жылы қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Сарытүбек ауылында туған. Ұлт-азаттық қозғалыс жетекшісі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы. Ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы. Атасы Шошақ - мінезі салмақты, шындықты бетке айта білетін ақылды да беделді адам болған. Мырзалығы сондай, немересі Ахмет дүниеге келгенде, құтты болсын айтқан адамдарға бір ат, бір түйеден сүйінші беріпті. Торғайда, Орынборда білім алғаннан кейін Ақтөбеде, Қостанайда, Қарқаралыда орыс-қазақ мектептерінде сабақ берген. 1909 жылы саяси белсенділігі үшін Семей түрмесіне жабылады. 1910 жылы Орынборға жер аударылады және сонда 1917 жылға дейін болады. Өзінің сенімді достары Ө.Бөкейханов, М. Дулатовпен бірге 1913 жылдан бастап ұлттық «Қазақ» газетін шығарып, оның жұмысына жетекшілік етті. Ресейде патша билігі құлағаннан кейін қазақ жерінде Алашорда үкіметін құру үшін бар күшін салды. Большевиктерді мойындамады, оларға қарсы шықты. 1921-1928 жылдары Қазақ халық ағарту институтында сабақ береді. 1929 жылы 2 маусымда Алаш қайраткерлерімен бірге Алматыда тұтқынға алынып, Ресейдің солтүстік обылыстарына жер аударылады. Кейіннен босап шығып, бірақ 1937 жылы қайтадан қамауға алынып, атылған



Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық қозғалыс жетекшісі әрі публицист ғалым, аудармашы. Ол 1866 жылы бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының 7 – ауылында дүниеге келген. Әкесі оны бала күнінде Қарқаралыға алып барып, медресеге оқуға берген. Ол онда оқуды қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепті оқып шығады. 1879-1886 жылдары Қарқаралыдағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. 1886-1890 жылдары Омбыдағы техникалық училищеде оқып, «техник» мамандығын алып шығады. 1890-1894 жылдары Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде оқиды. Студент болып жүрген кезінде–ақ саяси талас-тартысқа белсене араласып, ұлт-азаттық қозғалыстарға қатысты. Сол кездің өзінде «саяси белсенділігі үшін» патша жандармериясының қара тізіміне іліккен. Патша үкіметі билігі жылдарында қазақ елінің тәуелсіздік үшін күресін басқарды, сол үшін Павлодарда, Семейде бірнеше рет қамауда отырды. Кеңес үкіметін мойындамады. Қазақтың егеменді ел болуы үшін күресті, сол себептен 1937 жылы ату жазасына кесілген.



Міржақып

Дұлатұлы (1885—1935) — қазақтың

аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері.

Алыстан Алаш десе аттанамын,

Қазақты қазақ десе мақтанамын.

Болғанда әкем қазақ, шешем қазақ ,

Мен неге, қазақтықтан сақтанамын?!

Алаш Орда (1917—1920) — [Ақпан](#) мен [Қазан төңкерістері](#) соң [1917](#) ж. [желтоқсанның 13](#) құрылған қазақ-қырғыз Алаш автономиясының үкіметі

- [1917](#) ж. [желтоқсанның 5—13](#) [Орынборда Екінші жалпықазақ съезі](#) өткізілді.
- Құрылтайдың күн тәртібіне 10 мәселе қойылды. Олардың ішіндегі ең негізгілері: қазақ-қырғыз автономиясын жариялау, милиция һәм Ұлт кеңесі (Үкімет) құру мәселелері болды.^[2]
- Құрылтай делегаттары [Уақытша үкімет](#) құлатылғаннан кейін қазақтардың өмір сүруінің өзін күрделендіріп жіберген [анархия](#) (тәртіпсіздік) жағдайында елді аман сақтау үшін, «уақытша Ұлт Кеңесі» түріндегі берік билік құру, оған «Алаш Орда» деген атау беру (төрағасы [Ә. Бөкейхан](#), Ұлт Кеңесі құрамына 25 адам кірді), сондай-ақ милиция жасақтау туралы қаулы қабылдады. Алаш астанасы — [Семей](#) (кейін *Алаш-қала* атауын алды) қаласы еді.

«Алаш» партиясының өмірге келуі

1917 жылдың 21 қараша күні «Қазақ» газетінде Алаш партиясы бағдарламасының жобасы және съез материалдары жарияланды. «Алаш» партиясының өмірге келуі үлкен саяси мәселе еді. Сол кездегі қазақ зияларының ғылыми жұмыстарымен де, оқу-ағарту ісімен де, алғашқы қазақ тілінде басылымдар шығару әрекетімен де, көркем әдебиетімен де айналысқанын көруге болады. «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасындағы тоғызыншы тарауда «Ғылым-білім үйрету» жөнінде

- оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық, ақысыз болуы;

- жұртқа жалпы оқу жайлы; бастауыш мектептер ана тілінде оқылады;

- қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуға;

- қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуға;

- үкімет оқу ісіне кіріспеуі;

- мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылуы;

- ел ішінде кітапханалар ашылу туралы айтылады.

- газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік - деп көрсетілген



"Азаттықты аңсаған Алаш азаматтары"



Халел Досмұхамедов



Бақытжан Қаратаев



Қарабай Көзеев



Иса Қашқынбаев



- Алаш қозғалысының көрнекті басшыларының бірі Міржақып Дулатов сол кезде «Қазақ» газетіне "Қайтсек жұрт боламыз?" деген мақала жазып, "Жауап біреу-ақ, әскеріміз болса ғана жұрт боламыз" - деп өзі жолын көрсетеді. Алаштың көрнекті қайраткерлерінің бірі Жақып Ақбаев «Әскер құрамы 26,5 мың адам болуы қажет» деген ұсыныс жасайды. Алаш әскерінің атқаратын басты міндеті: ақтар мен қызылдардың арасындағы соғысқа бару емес, елінің тыныштығын сақтау, сырттан келген жауға қарсы тұрып, еліне қорған болу, делінген. Әскердің түрі - атты һәм тұрақты әскер принципімен құрылады. Патшалық Ресей қарулы күштерінің құрылымы үлгі ретінде алынады.

- Ұлттық әскер құруда ақгвардияшылдардан көмек алу ұйғарылып, ақгвардияшылар мен казак офицерлері алаш әскерін құруға нұсқаушы ретінде тартылды. Оларға жылына 810 мың сом жалақы тағайындалады. 100 милиционерге (жауынгерге) бір офицер, елу милиционерге бір нұсқаушы бекітіледі. 30- 35 жастағы қазақ азаматтары ерікті түрде әскерге алынатын болады. Сарбаздарға Алаш үкіметі қазынасынан жалақы төленеді. Оның мөлшері жергілікті жердің қаржы мүмкіндігіне байланыс-ты шешілді. Мысалы, Қостанай уезінде 650 сом болса, Ойылда 50 сом болды. Әр жауынгер өзіне қару-жарақ, ер-тұрман, жүген, киім сатып алуға тиісті делініп, ол қаржыны жергілікті Алашорда үкіметінің органдары бөлді. Әскери қызмет мерзімі 1 - 1,5 жыл болып белгіленді. Бірқатар уездерде 19-25 жастағы қазақ жігіттерін әскерге мобилизациялау жүргізіліп, дені сау, дәрігерлік тексеруден өткен азаматтар алынды. Әр 25 үйден (кейбір жерлерде 50 үйден) бір азамат әскерге тартылып, жалғыз ер азаматы бар үйлер басқа асыраушысы болмаса, әскерге апынбайтын болды.

- «Алаштың» ақиқатын кім айтады деген жалпы тақырыпта зертеушілер А.Григорьевтің, К. Нұрпейісовтың, Т.Кәкімевтің мақалаларында жазылады. Зерттеушілер мұнда Алаштың партия ретінде қалыптасуы, оның әлеуметтік тірегі қазақ қауымының қандай топтарынан тұратындығына басты назар аударады. Григорьев мақалада Алаштың қалыптасуы 1917 жылы аяқталған және кадеттер жолын қуған буржуазиялық-ұлтшыл партия деп анықтап, ал партия жетекшілерінің басты тірегі қазақ байлары болды деген өзінің пікірін қайталаған.
- Міне осы сияқты көптеген зерттеулер мен ой-пікірлер ХХ ғасырдың бас кезінде құрылған Алаш партиясының жоғарғы дәрежеде зерттелгендігін көрсетеді.

Алаш партиясының бағдарламасы

«Алаш» партиясы бағдарламасы 10 бөлімнен құралған:

- Мемлекет қалпы
- Жергілікті бостандық
- Негізгі хұқық
- Дін ісі
- Билік һәм сот
- Ел қорғау
- Салық
- Жұмысшылар
- Ғылым – білім үйрету
- Жер мәселесі

Ел қорғау

Салық

Жұмысшылар

Ел қорғау

- Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмау. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету: әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару.

Салық

- Салық әл-ауқат, табысқа қарай байға-байша, кедейге кедейше әділ жолмен таратылу.

Жұмысшылар

- Жұмысшылар закон панасыңца болу. (Қазақ жерінде завод-фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. «Алаш» партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меньшевик табының программасын жақтайды.)

Ғылым – білім үйрету

- Оқу ордаларының есігі кімгеде болса ашық һәм ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылу. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу; оқу жолы өз алды автономия түрінде болу;
- үкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылу; ел ішінде кітапханалар ашылу

“Алаш партиясының” бағдарламасы

1917 ж. 21 қараша “Қазақ” газетінде бағдарлама жобасы жарияланды.

- Дінді мемлекеттен бөлектеу;
- Сот ісін қазақ тілінде жүргізу;
- Әскери қызметін өз жерінде атқару;
- Жұмысшыларды заңмен қорғау;
- Жалпыға бірдей және ақысыз оқыту;
- Жиналыс, сөз, баспасөз еркіндігі;
- Жерді алдымен жергілікті халыққа беру.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет. ISBN 9965-893-73-Х
- [Жоғарыға көтеріліңіз↑](#) “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 [ISBN 5-89800-123-9](#)
- [Жоғарыға көтеріліңіз↑](#) Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006. ISBN 9965-34-515-5
- «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «[Қазақ энциклопедиясы](#)» Бас редакциясы, 1998 жыл. [ISBN 5-89800-123-9](#)
- [Жоғарыға көтеріліңіз↑](#) Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө. Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет. ISBN 9965-893-73-Х
- [Жоғарыға көтеріліңіз↑](#) Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
- [Жоғарыға көтеріліңіз↑](#) Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006. ISBN 9965-34-515-5